

Радиоизотопты өнім импортына рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 27 ақпан N 206

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Изотоп" ғылыми-өндірістік-коммерциялық бірлестігі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі - "Изотоп" ҒӨКБ" ЖШС) (Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы) Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына жалпы активтілігі 306 (үш жүз алты) кюри (бөлінетін материалдың 51 граммы) 600000 (алты жүз мың) АҚШ доллары сомасына саны 235 (екі жүз отыз бес) дана радиоактивті сәулелену көздері-ядролық материалдарды (ТМД СЭҚ ТН коды - 284420890, ОС002 бақылау тізімі бойынша) импортқа шығаруға "Маяк" өндірістік бірлестігі" Федералды мемлекеттік біртұтас кәсіпорнымен (Озерск қаласы, Ресей Федерациясы) жасалған мынадай келісім-шарттарға сәйкес рұқсат берілсін:

1) 2002 жылғы 1 қарашадағы N 398/07622740/45211 - жалпы активтілігі 271 (екі жүз жетпіс бір) кюри (бөлінетін материалдың 23 граммы) 400000 (төрт жүз мың) АҚШ доллары сомасына саны 190 (бір жүз тоқсан) дана 238-плутоний негізіндегі көздер;

2) 2002 жылғы 1 қарашадағы N 398/07622740/45212 - жалпы активтілігі 35 (отыз бес) кюри (бөлінетін материалдың 28 граммы) 200000 (екі жүз мың) АҚШ доллары сомасына саны 45 (қырық бес) дана 239-плутоний негізіндегі көздер.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Изотоп" ҒӨКБ" ЖШС-ға осы қаулының 1-тармағында көрсетілген радиоизотопты өнім импортына лицензия берсін.

3. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен импортталатын радиоизотопты өнімді кедендік бақылауды және кедендік ресімдеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК